«Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектеп» КММ

Анықтама

Тақырыбы: «Еңбек — жетістікке бастар жол»
Мақсаты: еңбектің маңызын түсіндіру, командалық рухты көтеру, жауапкершілік пен ынтымақтастықты нығайту.
Түрі: Мерекелік шара
Қатысушылар: Мектеп қызметкерлері
Сілтемесі:
https://www.instagram.com/reel/DdazkxqMyui/?stkn=MWprMWN5eGw1dTVsZA==
Жүру барысы:

Іс-шараны жүргізуші әріптестерге жылы лебізін білдіріп, бүгінгі кездесудің мақсаты жұмыс барысын талқылау емес, ұжым мүшелеріне көтеріңкі көңіл-күй сыйлау, бір-біріне жылы сөз айтып, еңбегін бағалау екенін атап өтті. Еңбектің жауапкершілік, шыдамдылық, бірлік, өзара көмек және өз ісіне адалдық сияқты құндылықтармен байланысты екеніне тоқталды.

1. «Көңілді номинациялар» бөлімі ұйымдастырылды. Номинациялардың мақсаты – ұжымдағы жағымды ахуалды қалыптастыру, қызметкерлердің бір-біріне деген сыйластығын арттыру және әріптестердің жеке ерекшеліктері мен еңбегін көңілді форматта атап өту. Қызметкерлер бір-біріне әзіл-қалжыңға негізделген түрлі номинациялар ұсынып, сол номинацияға сәйкес келетін әріптесін атап, жылы лебіз білдірді және құшақтау арқылы жағымды эмоция сыйлады.

2. «Сіз білесіз, бірақ... білмейсіз» атты танысу-ойын ұйымдастырылды. Ойынның мақсаты – қызметкерлердің бір-бірін жақынырақ тануына мүмкіндік жасау, өзара сенім мен жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру және ұжымдық бірлікті нығайту. Әр қатысушы өзі туралы әріптестері біле бермейтін бір қызықты ақпаратпен бөлісті. Мысалы: «Сіз менің мектепте жұмыс жасайтынымды білесіз, бірақ менің тамақты өте дәмді дайындайтынымды білмейсіз» деген үлгіде жалғастырылды. Ойын барысында қызметкерлер бір-бірінің қызығушылықтары мен ерекше қырларын танып, еркін қарым-қатынас орнатты.

Іс-шара соңында қатысушыларға жақсы көңіл-күй, жағымды эмоция және ұжымдық бірлікті нығайтатын жылы атмосфера қалыптасты.






Кәсіптік бағдар беруші педагог: Байболатова А.